

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 3 (2023)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/ZCCA6957>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор, академик АПН РК и РАЕ

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Каббасова А. Т., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор, академик АПН РК

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кэннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/TLEP1556>

***Г. Қ. Нуркенова¹, Р. Б. Маженова², Я. Данек³,
Д. С. Асакаева⁴, Р. М. Айтжанова⁵**

^{1,2,5}Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.;

³Я. А. Коменский атындағы университет,
Словакия, Трнава қ.;

⁴«Bolashaq» академиясы,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

e-mail: *gulnur24.10.84@mail.ru

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мақалада болашақ педагог-психологтарды даярлау процесінде қазіргі технологияларды жүзеге асыру мәселесі кәсіби білім берудің маңызды бір стратегиялық бағыттарының бірі ретінде қарастырылған. Болашақ педагог-психологтардың білім берудің қазіргі технологияларын жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыру бойынша ғалымдардың еңбектеріне ғылыми-теориялық тұрғыдан шолу жасалған. «Дайындық», «кәсіби дайындық», «педагог-психологтың кәсіби дайындығы», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдары нақтыланған. Болашақ педагог-психологтың педагогикалық қызметке дайындық құрылымдары қарастырылып, сондай-ақ инновациялық қызметке дайындығының құрамдас бөліктері талданған. Зерттеуде қазіргі технологиялар ретінде цифрлық технологиялар басымдыққа алынған. Осыған орай цифрлық технологиялар туралы жалпы түсінік беріліп, білім берудегі маңызы айқындалған. Авторлар цифрлық технологияларды көрнекілікті қамтамасыз ететін электрондық жүйелерді пайдалануға негізделген оқу процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілі ретінде қарастырады. Оқыту сапасын сақтау және арттыру үшін, студенттің оқудағы олқылықтарды уақтылы жоюы үшін, педагог пен білім алушының өзара іс-әрекетін қамтамасыз ету үшін цифрлық білім беру технологияларын белсенді түрде енгізу қажеттілігі туралы айтылады. Студенттерді даярлаудағы

цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері айқындалған. Болашақ педагог-психологтардың білім берудің аталған технологияларын іске асыруға дайындығының өлшемдері мен көрсеткіштері зерделенген. Бүгінгі таңда жоғарғы мектептің оқу процесінде цифрлық технологиялардың жүзеге асырылу жағдайын анықтау мақсатында студенттерден алынған сауалнаманың нәтижелеріне талдау жасалған. Алынған нәтижелердің негізінде қорытынды жасалып, ұсыныстар берілген.

Кілтті сөздер: болашақ педагог-психологтар, дайындық, кәсіби дайындық, қазіргі технологиялар, цифрлық технологиялар, даярлау процесі.

Кіріспе

Қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму қарқынына байланысты барлық салаларда түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Осы болып жатқан өзгерістер еңбек нарығында жоғары оқу орындары түлектерінің бәсекеге қабілеттілігі мен кәсіби құзыреттілігін арттыруды талап етеді. Сол себепті бүгін де болашақ педагог-психологтардың кәсіби даярлық деңгейі мәселесіне үлкен мән беріліп отыр. Қазіргі заман бұл технология заманы болғандықтан, болашақ педагог-психологтардың кәсіби даярлығында қазіргі технологиялар бойынша тек теориялық ғана емес, сонымен қатар тәжірибелік тұрғыдан дайындық деңгейі жоғары болуы бұл аса маңызды талаптардың бірі болмақ. Ендеше білім беру процесінің технологиялылығының маңызды белгісі қоғамның білім беруге деген артып келе жатқан әлеуметтік тапсырысын жүзеге асыру болып табылады. Сондықтан болашақ педагог-психологтарды даярлау процесінде қазіргі технологияларды жүзеге асыру кәсіби білім берудің маңызды бір стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады.

Осыдан қазіргі қоғамның даму жағдайында білім беру мекемелерінің педагог-психолог кадрларын неғұрлым сапалы даярлаудың жаңа модельдерін әзірлеудің объективті қажеттілігі туындауда. Болашақ педагог-психологтарды кәсіби даярлау процесін жетілдірудің пәрменді құралдарының бірі білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін қазіргі технологияларды пайдалану болып табылады. Ендеше жоғары мектептің оқыту процесінде білім берудің қазіргі технологияларының кең спектрін басшылыққа алу керек.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау болашақ педагог-психологтарды қазіргі білім беру технологияларын қолдануға дайындығын инновациялық тәсіл арқылы қалыптастыруға арналған арнайы ғылыми

зерттеулердің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Демек болашақ педагог-психологтарды білім берудің қазіргі технологияларын қолдануға мақсатты түрде дайындау бойынша жарияланған жұмыстардың жеткіліксіз болуы таңдалған мәселенің өзектілігін және оны ғылыми дамыту қажеттілігін растайды.

Материалдар мен әдістер

Болашақ педагог-психологтардың білім берудің қазіргі технологияларын жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыру оларды кәсіби даярлау процесінде іске асады. Болашақ педагогикалық сала мамандарының кәсіби даярлық мәселесін алыс және жақын шет елдік ғалымдар О. Рудой, К. М. Дурай-Новакова, М. И. Дьяченко, Л. А. Кандыбович, К. Е. Зискин, Е. А. Карабутова, Р. А. Низамов, Ю. В. Кищенко, Ю. Ю. Онищенко, В. Ю. Стрункина, Е. В. Абазовик, Р. Александер, П. Барлоу, Б. Барт, Дж. Грэхем, К. Зайкнер, М. Ирот, С. Кейпл, Дж. Линч, Т. Моррис, Д. Харгривз және елімізде Ш. А. Абенова, В. А. Омарова, М. Ильясова, Абильдина С. К., Сарсекева Ж. Е. т.б. қарастырған. Білім беру кеңістігіндегі қазіргі технологиялар мәселесімен шетелдік ғалымдардан М. И. Максеенко, Л. В. Шмелькова, Е. Л. Вартанова, С. С. Смирнов, А. Марей, Л. В. Орлова, А. Ю. Уваров, В. И. Блинов, Е. Ю. Есенина, И. С. Сергеев, О. Реджепова, Ш. Аннаева қарастырса, ал қазақстандық ғалымдардан, Г. Е. Санай, М. Г. Соколова, М. М. Жанпеисова, Г. М. Кусаинов, А. Е. Берикханова және т.б. атап өтуге болады.

Кәсіби даярлау түсінігіне сүйену адамды еңбек қызметінің белгілі бір саласына дайындау процесінде оған қол жеткізудің мүмкін деңгейін анықтауға, сондай-ақ белгілі бір студенттің кәсіби дайындық деңгейін анықтауға және бағалауға көмектеседі. Зерттеулерді талдау бұл ұғымды анықтаудағы бірегейліктің жоқ екенін көрсетті (Е. П. Белозерцев, К. М. Дурай-Новакова, М. И. Дьяченко, Л. А. Кандыбович, Л. В. Кондрашова, Н. Д. Левитов, В. А. Слестенин және т. б.). Ғылыми әдебиеттерде кәсіби дайындық құбылысын сипаттайтын көптеген терминдер бар: «дайындық»; «кәсіби дайындық»; «педагог-психологтың кәсіби дайындығы»; «кәсіби құзыреттілік». Осыған байланысты студенттердің кәсіби қызметке дайындығын сипаттауда қандай ұғымдар анықтайтынын нақтылау қажет [1].

Қазіргі заманғы педагогика мен психологиядағы «дайындық» ұғымы адамның іс-әрекетті сәтті орындау үшін қажетті білім, білік, дағдылармен қарулануы; оның іс-әрекетке жарамдылығын анықтайтын жеке қасиеттердің синтезі ретінде; жеке тұлғаның тұтас көрінісі ретінде; элементтердің тұтас динамикалық жүйесі ретінде айқындалады. Жеке қасиеттердің бұл синтезі мыналарды қамтиды: белсенділікке оң көзқарас, тұрақты зияткерлік сезімдер, қолайлы психикалық күй, тиісті саладағы белгілі бір білім, білік,

дағдылар қоры, белгілі бір іс-әрекетке қабілеттілік. «Кәсіби дайындық» жұмысқа деген оң көзқарасты, жұмысқа практикалық дайындықты, өзара әрекеттесу мақсатына жетуге ұмтылуды, өз қызметін және өзін субъект ретінде бағалауды қамтиды.

Кәсіби дайындықты, біздің жағдайда, кәсіби оқу орнын бітірушіні кәсіби білім берудің нәтижесі болып табылатын тұлғаның интегративті сапасы ретінде анықтауға болады.

Педагогикалық әдебиеттерде «кәсіби дайындық» деп белгілі бір кәсіпте табысты жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін арнайы білімдердің, дағдылардың, қасиеттердің, еңбек тәжірибесінің және мінез-құлық нормаларының жиынтығы түсініледі [2]. Кәсіптік даярлық-білім алушылардың белгілі бір жұмысты орындау үшін қажетті дағдыларды жеделдетіп игеруін көздейтін кәсіптік оқыту жүйесі [3].

Л. Г. Семушинаның пікірінше, «кәсіби дайындықтың мазмұны мыналарды қамтиды: білім мен дағдыларды игеруге негізделген кәсіби тапсырманы белсенді орындауға деген ұмтылыс және өз әрекеттері үшін әлеуметтік жауапкершілікті сезіну» [4].

Педагогтың кәсіби дайындығы – бұл кәсіби-педагогикалық білім беру стандарттарын меңгеруді қамтитын педагогтың кәсіби шеберлік деңгейі.

Педагогикалық қызметке дайындық құрылымына ғалымдар мыналарды жатқызады:

1. Мотивациялық-құндылық компоненті: – мінез-құлықтың басым мотивтерінің жиынтығы (В.А. Сластенин);

– еңбектің әлеуметтік маңыздылығын түсіну, тұрақты өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеуге қалыптасқан көзқарас (Л. И. Рувинский);

– субъектінің жалпы педагогикалық қызметке немесе жеке кәсіби функцияларды орындауға эмоционалды-оң көзқарасы (Л. М. Пенькова).

2. Операциялық компонент:

– педагогикалық қызметтің нақты бағытын жүргізуге дайындық (Л. Т. Ахтарева);

– педагогика ғылымы ұғымдарында өзінің күнделікті іс-әрекетін түсіну қабілеті (В. А. Сластенин).

3. Когнитивті компонент:

– педагогикалық қызметтің ерекшеліктері мен функциялары туралы хабардар болу, оны орындауға маман дайын болуы керек (Н. В. Кузьмина);

– өз қызметін көрсете және болжай білу (О. Г. Гомерики) [5].

Академик В. С. Лазаревтің анықтамасы бойынша болашақ педагогтың инновациялық қызметке дайындығының құрамдас бөліктері:

– осы қызметке мотивінің болуы;

– мектептегі білім беру нәтижелеріне қойылатын заманауи талаптар, білім берудің инновациялық модельдері мен технологиялары туралы білім кешені;

– педагогикалық инноватика саласындағы құзыреттілік [6].

Ал енді осы педагогтың кәсіби дайындығына берілген көптеген анықтамаларға сәйкес, педагог-психологтың кәсіби даярлығына көшейік. Педагог-психолог бұл да педагог, тек ол білім беру ұйымының психологиялық қызметі шеңберінде білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға, білім беру ұйымында қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құруға және білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсетуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын маман. Басқаша айтқанда, педагог-психологтың кәсіби қызметі оқушылардың толыққанды психикалық және жеке-жеке дамуына ықпал етуге бағытталған.

Сонымен ғалым педагогтардың еңбектерін зерделей келе, жастардың толыққанды психикалық және жан-жақты дамыған тұлға болып жетілуі, біз даярлайтын педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігіне байланысты екенін айтқымыз келеді. Сол себепті болашақ педагог-психологтардың маман ретінде қалыптасу процесіне аса мән берген абзал. Ал бүгін болашақ маманның кәсіби құзыретті болып қалыптасуы кәсіби даярлауда қолданылатын заманауи технологиялармен анықталады. Сол заманауи технологиялардың бірі ретінде біз өзіміздің зерттеуімізде цифрлық технологияларды басшылыққа алдық.

Цифрлық білім беру технологиялары-көрнекілікті қамтамасыз ететін электрондық жүйелерді пайдалануға негізделген оқу процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілі. Цифрлық технологияларды қолданудың мақсаты оқу процесінің сапасын, тиімділігін арттыру, сондай-ақ студенттерді табысты әлеуметтендіру болып табылады [7].

Білім беру жүйесіндегі цифрлық технологиялардың даму себептерінің ішінде көптеген зерттеушілер аудиториялық жүктеменің төмендеуін және өзіндік жұмыс үлесінің артуын атап көрсетеді. Сондықтан, оқыту сапасын сақтау және арттыру үшін студенттің оқудағы олқылықтарды уақтылы жою үшін педагог пен білім алушының өзара іс-әрекетін қамтамасыз ететін цифрлық білім беру технологиялары белсенді түрде енгізу қажет [8].

Студенттерді даярлауда цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері арасында:

– тапсырмаларды орындау және материалдарды зерделеу ұтқырлығын арттыру;

– студенттердің ынтасын арттыру;

– оқу процесін даралау;

– материалдардың көрінуін арттыру;
– оқытушымен жедел кері байланысты жүзеге асыру;
– студенттердің тапсырмадан өткеннен кейін бірден нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз ету [9]. Цифрлық технологиялар қоғам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан ғалымдар атап өткендей, олар оқу процесіне оңай енеді, өйткені студенттер өз өмірлерінде әртүрлі электронды құралдарды қолдануға дағдыланған және бұл олардың әртүрлі электронды құралдармен жұмыс істеуін жеңілдетеді және ақпаратты оңай қабылдауға және материалдарды игеруге мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялар оқыту процесін саралауға, оны әрбір жеке студенттің қажеттіліктеріне сәйкес құруға, дайындық деңгейіне сәйкес тапсырмалар беруге және осылайша оқу сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Цифрлық құралдарды қолдану студенттің білім беру процесінің белсенді субъектісіне айналуына жағдай жасауға ықпал етеді. Пассивті қабылдаудан ол белсенді әрекеттерге ауысады және тапсырмаларды орындауға қосылады [10].

Сонымен болашақ педагог-психологтардың білім берудің осы технологияларын іске асыруға дайындығының өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындау кезінде біз келесілерді негізге алдық:

– болашақ педагог-психологтардың инновациялық технологияларды қолдануға дайындығы құрылымының интегративті сипаты (құрылымдық компоненттердің болуы);

– болашақ педагог-психологтардың білім берудің қазіргі заманғы технологияларын іске асыруға дайындығының көрінісінің тұрақтылығы;

– бағыт (кәсіби педагогикалық қызметте жұмыс істеуі).

Біз өзіміздің зерттеуімізде болашақ педагог-психологтардың білім берудің цифрлық технологияларын іске асыруға дайындығының келесі компоненттерін басшылыққа алдық: мотивациялық, теориялық және практикалық дайындықты қамтиды:

– мотивациялық (педагогикалық қызметтің құндылықтарын саналы түрде қабылдау, білім берудің қазіргі заманғы технологияларын қолдана отырып, болашақ кәсіби қызметті орындаудың тиімділігін қамтамасыз ететін мотивтердің басым болуы);

– теориялық (кәсіби қызметте қажетті психологиялық-педагогикалық білімнің болуы; ойлау икемділігі, еңбек нәтижелері үшін жауапкершілік сезімі);

– практикалық (кәсіби қызметтің негізгі түрлерін орындау және білім берудің қазіргі технологияларын қолдана отырып, педагогикалық міндеттердің оңтайлы шешімдерін таңдау мүмкіндігі)

Нәтижелер мен талқылау

Бүгінгі таңда жоғарғы мектептің оқу процесінде цифрлық технологиялардың жүзеге асырылу жағдайын болашақ педагог-психологтардан сауалнама алу арқылы анықтап көрдік. Сауалнамаға аймағымыздың жоғары мектептерінің болашақ-педагог психологтары қатысты. Өткізілген сауалнаманың нәтижесі студенттердің пікірі негізінде шығарылды.

Оқу процесінде қазіргі технологиялардың қаншалықты жиі қолданылатындықтарын анықтау бойынша 20 % жиі десе, 50 % кейде деген жауап нұсқасын таңдаған, ал қалған 30 % – қолданылмайды деген пікірді ұстанды (1-сурет).



Сурет 1 – Оқу процесінде қазіргі технологиялардың қаншалықты жиі қолданылатындықтарын анықтау
(Дереккөз: құрастырушы авторлардың өзі)


Сауалнама соңында өткізілген әңгіме әдісінен студенттердің пікірі бойынша оқытушылардың басым көпшілігі әлі де дәстүрлі технологиялардың жақтастары екендігі мәлім болды, сол себепті де басым көпшілігі қазіргі технологияларды қолдануды қажетсінбейді, оның тиімділігін сезінбейді. Сол себепті де қолдануды жөн көрмейді екен. Дәл осы оқытушылар секілді студенттердің де пікірі негізінен екі жақты екені байқалды. Кейбір студенттер де дәстүрлі оқыту технологиясын тиімді көретіндіктерін жасырмады. Олар оған дәлел ретінде өз кезегінде қазіргі технологиялардың кем тұстарын алға тартты. Сауалнамадан алынған нәтижелерден қазіргі технологияларды оқу процесінде тиімді қолданатын оқытушылардың бар екендігіне анықталды.

Кәсіби дайындық барысында білім берудің қазіргі технологияларын жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыруға қатынасын анықтау бойынша респонденттердің 38 % маңызды деген жауап нұсқасын таңдаса, ал 32 % маңызды емес; респонденттердің 30 % бейтарап жауап нұсқасын таңдаған (2-сурет).



Сурет 2 – Кәсіби дайындық барысында білім берудің қазіргі технологияларын жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыруға қатынасы (Дереккөз: құрастырушы авторлардың өзі)

Қазіргі технологияларды жүзеге асыра алуды игеру үшін респонденттердің 10 % өздігімен білімді жетілдіру қажет деді, 48 % қазіргі технологияларды іске асыруға дайындықты қалыптастыратын арнайы практикалық оқу курсы қажет, 22 % педагогикалық іс-тәжірибеге бөлінетін сағат саны көп болу керек, 20 % цифрлық сауаттылығымды арттыру керек деген ойды ұстанды (3-сурет).



Сурет 3 – Респонденттердің қазіргі технологияларды жүзеге асыра алулары үшін қажет деген ой-пікірлері

Сауалнама нәтижелерінен көріп отырғанымыздай бүгінгі күні қазіргі технологиялардың жүзеге асырылу жағдайы жеткіліксіз. Демек, болашақ педагог-психологтардың білім берудің қазіргі технологияларын жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыру мәселесін қолға алу қажет. Ал ол жоғарыда біз атап өткен мотивациялық, теориялық және практикалық компоненттерді басшылыққа алу негізінде іске асыруды ұсынамыз. Болашақ педагог-психологтар алдымен қазіргі технологиялардың

тиімділігін түсініп, оларда оны игеруге деген мотивтерінің болуы қажет. Сол мотивтердің негізінде олар теориялық білімдерін тереңдетіп, одан алған білімдерін тәжірибемен ұштастырып жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыруға қол жеткізеді. Ендеше болашақ педагог-психологтардың білім берудің қазіргі технологияларын жүзеге асыруға дайындығын қалыптастырудың бірден бір шарты ол осы аталған компоненттердің бірлікте жүзеге асырылуы болып табылады.

Қорытынды

Болашақ педагог-психологтардың білім берудің қазіргі технологияларын жүзеге асыруға дайындығын қалыптастырудың маңыздылығы ҚР «Педагог» кәсіптік стандарты мен педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларындағы міндеттерге байланысты артады.

Жүргізілген сауалнама нәтижесі бүгінгі таңда қазіргі технологиялардың оқу процесінде жүзеге асуы жеткілікті емес екендігін байқатты. Бұл дегеніміз болашақ педагог-психологтардың келешекте де өздері жеткілікті деңгейде қолдануға дайын болмауына әкелуі мүмкін болатын факторлардың бірі. Демек білім беру кеңістігінде қазіргі технологиялардың тиімділігін түсінбеу, оны қолдануға деген мотивтің болмауына әкелуі әбден мүмкін. Сондықтан студенттерге білім берудің қазіргі технологияларын жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыру үшін олардың алдымен маңызын түсіндіріп, қызығушылықтарын арттырудан бастау керек деп ойлаймыз. Студенттердің теориядан алған білімдерін тәжірибедегі арнайы білік дағдысымен ұштастыратын практикалық курс енгізумен жүзеге асыруды ұсынамыз. Ол курстың негізгі ерекшелігі теориямен тәжірибе қатар жүреді, яғни әр технологияға арналған тақырып сол технологияның өзі арқылы іске асырылуында болып табылады. Сондай-ақ студенттер алған білімдерін педагогикалық тәжірибеде жетілдіру үшін бағдарламаларға арнайы осы мәселеге көңіл бөлуді көздеуді басшылыққа алу қажет деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Абильдина, С. К., Сарсекеева, Ж. Е.** Профессиональная подготовка будущего учителя в системе высшего образования РК [Текст] // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2015. – № 12 (6). – С. 1114–1116.

2 **Блинов, В. И.** Образовательный процесс в профессиональном образовании : учебное пособие для вузов [Текст]. – М. : Издательство Юрайт, 2018. – 314 с.

3 **Маркова, С. М., Наркозиев, А. К.** Методика исследования содержания профессионального образования [Текст] // Вестник Мининского университета. – 2019. – № 1 (7). – С. 2–3.

4 **Семущина, Л. Г.** Взаимосвязь содержания образования и современных технологий обучения [Текст] // Среднее профессиональное образование. – 2002. – № 3. – С. 14–16.

5 **Зайцев, В. С.** Современные педагогические технологии : учебное пособие [Текст]. – Челябинск : ЧГПУ, 2012. – 411 с.

6 **Вишневская, Г. В.** Технологический подход в педагогическом процессе высшей профессиональной школы [Текст] // Известия Пензенского государственного педагогического университета им. В. Г. Белинского. – 2008. – № 6 (10). – С. 235–239.

7 **Блинов, В. И., Есенина, Е. Ю., Сергеев, И. С.** Цифровая дидактика профессионального образования и обучения (ключевые тезисы) [Текст] // Среднее профессиональное образование. – 2019. – № 3. – С. 3–8.

8 **Мальцева, С. М., Ваганова, О. И., Алешугина, Е. А.** Технология разработки электронного учебно-методического комплекса по дисциплине «Педагогические технологии» [Текст] // Инновации в образовании. – 2019. № 6. – С. 103–109.

9 **Рыбцова, Л. Л.** Современные образовательные технологии : учебное пособие для бакалавриата и магистратуры [Текст] – М. : Издательство Юрайт, 2018. – 90 с.

10 **Klinkov, G. T.** Technological and profiling education at universities : active methods [Text] // American Journal of Pedagogy and Education. – 2014. – № 2 (4). – P. 7–15.

REFERENCES

1 **Abildina, S. K., Sarsekeeva, J. E.** Professionalnaia podgotovka býdyego ýchitelia v sisteme vysshego obrazovaniia RK [Professional training of future teachers in the higher education system of the Republic of Kazakhstan] [Text] // In International Journal of Applied and Fundamental Research. – 2015. – № 12 (6). – P. 1114 – 1116.

2 **Blinov, V. I.** Obrazovatelnyĭ protsess v professionalnom obrazovanii : ýchebnoe posobie dlia výzov [The educational process in vocational education : a textbook for universities] [Text]. – Moscow : Yurayt Publishing House, 2018. – 314 p.

3 **Markova, S. M., Narkoziev, A. K.** Metodika issledovaniia soderjaniia professionalnogo obrazovaniia [Methodology of the study of the content of

vocational education] [Text] // In Bulletin of Mininsky University. – 2019. – № 1 (7). – P. 2–3.

4 **Semýshina, L. G.** Vzaimosvıaz soderjaniıa obrazovaniıa i sovremennyh tehnologiı obýcheniıa [The relationship between the content of education and modern learning technologies] [Text] // In Secondary vocational education. – 2002. – № 3. – P. 14–167.

5 **Zaitsev, V. S.** Sovremennye pedagogicheskie tehnologiı : ýchebnoe posobie [Modern pedagogical technologies : a textbook] [Text]. – Chelyabinsk : ChSPU, 2012. – 411 p.

6 **Vishnevskaya, G. V.** Tehnologicheskiı podhod v pedagogicheskom protsesse vysshei professionalnoi shkoly [Technological approach in the pedagogical process of higher professional school] [Text] // In News of the Penza State Pedagogical University named after V.G. Belinsky. – 2008. – № 6 (10). – P. 235–239.

7 **Blinov, V. I., Esenina E. Iy., Sergeev, I. S.** Tsıfrovaya díaktika professionalnogo obrazovaniıa i obýcheniıa (klýchevye tezisy) [Digital didactics of vocational education and training (key theses)] [Text] // In Secondary vocational education. – 2019. № 3. – P. 3–8.

8 **Maltseva, S. M., Vaganova, O. I., Aleshýgina, E. A.** Tehnologiıa razrabotki elektronnoho ýchebno-metodicheskogo kompleksa po dístsipline «Pedagogicheskie tehnologiı» [Technology of development of an electronic educational and methodical complex on the discipline «Pedagogical technologies»] [Text] // In Innovations in education. – 2019. – № 6. – P. 103–109.

9 **Rybtsova, L. L.** Sovremennye obrazovatelnye tehnologiı: ýchebnoe posobie dlıa bakalavriata i magistratýry [Modern educational technologies : a textbook for undergraduate and graduate studies] [Text]. – Moscow : Yurayt Publishing House, 2018. – 90 p.

10 **Klinkov G. T.** Technological and profiling education at universities : active methods [Text] // In American Journal of Pedagogy and Education. – 2014. – № 2 (4). P. 7–15.

Материал 04.09.23 баспаға түсті.

*Г. Қ. Нуркенова¹, Р. Б. Маженова², Я. Данек³, Д. С. Асакаева⁴,
Р. М. Айтжанова⁵

^{1,2,5}Карагандинский университет имени Е. А. Букетова,

Республика Казахстан, г. Караганда;

³Университет имени Я. А. Коменского,

Словакия, г. Трнава;

⁴Академия Bolashaq,

Республика Казахстан, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 04.09.23.

ФОРМИРОВАНИЕ ГОТОВНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ К РЕАЛИЗАЦИИ СОВРЕМЕННЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

В статье рассматривается проблема реализации современных технологий в процессе подготовки будущих педагогов-психологов как одно из важнейших стратегических направлений профессионального образования. Проведен научно-теоретический обзор работ ученых по формированию готовности будущих педагогов-психологов к реализации современных образовательных технологий. Уточнены понятия «готовность», «профессиональная подготовка», «профессиональная подготовка педагога-психолога», «профессиональная компетентность». Рассмотрены структуры подготовки будущего педагога-психолога к педагогической деятельности, а также проанализированы составляющие готовности к инновационной деятельности. В исследовании в качестве современных технологий использовались цифровые технологии. В этой связи дано общее представление о цифровых технологиях и определено их значение в образовании. Авторы рассматривают цифровые технологии как инновационный способ организации учебного процесса, основанный на использовании электронных систем, обеспечивающих наглядность. Речь идет о необходимости активного внедрения цифровых образовательных технологий для сохранения и повышения качества обучения, своевременного устранения учащимися пробелов в обучении, обеспечения взаимодействия педагога и обучающегося. Определены возможности цифровых технологий в подготовке студентов. Изучены критерии и показатели готовности будущих педагогов-психологов к реализации указанных образовательных технологий.

На сегодняшний день проведен анализ результатов анкетирования студентов с целью выявления условий реализации цифровых технологий в учебном процессе высшей школы. На основании полученных результатов сделаны выводы и даны рекомендации.

Ключевые слова: будущее педагоги-психологи, подготовка, профессиональная подготовка, современные технологии, цифровые технологии, процесс подготовки.

*G. K. Nurkenova¹, R. B. Mazhenova², Ia. Danek³, D. S. Asakaeva⁴,
R. M. Aitzhanova⁵

^{1,2,5}E. A. Buketov Karaganda University,
Republic of Kazakhstan, Karaganda;

³J. A. Comenius University,
Slovakia, Trnava;

⁴«Bolashaq» Academy,
Republic of Kazakhstan, Karaganda.

Material received on 04.09.23.

FORMATION OF READINESS OF FUTURE TEACHERS-PSYCHOLOGISTS FOR THE IMPLEMENTATION OF MODERN EDUCATIONAL TECHNOLOGIES

The article deals with the problem of the implementation of modern technologies in the process of training future teachers-psychologists as one of the most important strategic directions of professional education. A scientific and theoretical review of the work of scientists on the formation of the readiness of future teachers-psychologists for the implementation of modern educational technologies is carried out. The concepts of «readiness», «professional training», «professional training of a teacher-psychologist», «professional competence» have been clarified. The structures of preparation of the future teacher-psychologist for pedagogical activity are considered, as well as the components of readiness for innovative activity are analyzed. In the study, digital technologies were used as modern technologies. In this regard, a general idea of digital technologies is given and their importance in education is determined. The authors consider digital technologies as an innovative way of organizing the educational process based on the use of electronic systems that provide visibility. We are talking about the need for the active introduction of digital educational technologies to preserve and improve

the quality of education, timely elimination of learning gaps by students, ensuring interaction between the teacher and the student. The possibilities of digital technologies in the preparation of students are determined. The criteria and indicators of readiness of future teachers-psychologists for the implementation of these educational technologies are studied. To date, the analysis of the results of the survey of students has been carried out in order to identify the conditions for the implementation of digital technologies in the educational process of higher education. Based on the results obtained, conclusions are drawn and recommendations are given.

Keywords: future teachers-psychologists, training, professional training, modern technologies, digital technologies, the preparation process.

Теруге 04.09.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.09.2023 ж. кол қойылды.

Электронды баспа

1,59 Мб RAM

Шартты баспа табағы 6,6.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4134

Сдано в набор 04.09.2023 г. Подписано в печать 29.09.2023 г.

Электронное издание

1,59 Мб RAM

Усл.п.л. 6,6. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4134

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz